

Атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2004 жылғы 11 наурыздағы № 140 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 5 сәуірде № 2860 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 27 маусымдағы № 303 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің
2008.06.27 № 303 қаулысымен.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабының 14 тармағына сәйкес "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабының 1 тармағы бойынша халықтың тұрмыстары төмен бөлігін әлеуметтік қорғау мақсатында Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жеке санаттағы азаматтарға атаулы әлеуметтік төлемдерді төлеумен тағайындаудың Ережесі бекітілсін (1 қосымша).

2. Аудандық бюджет қаражаты есебінен ақшалай немесе нақты өнім түрінде атаулы әлеуметтік көмектің келесі түрлері бекітілсін:

1) зейнеткерлік қорда қаражаттары жоқ халықты жұмыспен қамту мәселесі бойынша өкілетті органдарды есебінде тұрмайтын азаматтарды жерлеуге айырықша жағдайлардағы әлеуметтік көмек.

2) тұрғын үйлік көмек;

3) жедел әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларына жеке санаттағы азаматтарға халықаралық әйелдер күні, Жеңіс күні, қарттар күні, мүгедектер күні, тәуелсіздік күні және басқа мерекелер мен мерей тойларды атауға бір жолғы әлеуметтік көмек;

4) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен соғыс мүгедектерінің тұрмыстық қажеттеріне әлеуметтік көмек;

5) ерекше жағдайлардағы оралмандарға уақытша тұрғын үйдің шығыстарын олардың тұрақты үй алғанға дейін коммуналдық қызметтердің төлем ақыларын өтеуге бір жолғы әлеуметтік көмек;

6) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен соғыс мүгедектері дүние салғанда оларға салттық жөн-жоралар көрсетуге аудандық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесіне әлеуметтік көмек;

7) ерекше жағдайларда аз қамтамасыз етілген азаматтарды құжаттандыруға әлеуметтік көмек;

8) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан және сол аудан мекемелері мен кәсіпорындарынан зейнетке шыққан азаматтарға материалдық көмекке үндеу жасаған уақытында қай елді мекенде тұрғанына байланыссыз көрсетілетін бір жолғы әлеуметтік көмек;

9) елеулі саяси және қоғамдық мағыналы коммерциялық емес сипаттағы және әлеуметтік сипаттағы бағдарламаларды іс жүзіне асыруға жеке санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек;

10) Қостанай ауыл шаруашылық колледжінің бір жылдық оқу тобында оқитын балаларға әлеуметтік көмек;

11) жетім балалар мен дарынды балаларға және ата-ана қарауынсыз қалғандарға тұрмысы төмен отбасы балаларына жасынан мүгедек болған балаларға, егерде дәрігерлік әлеуметтік сараптау комиссиясының қорытындысына сәйкес оларға оқу орындарында оқуға қарсылық көрсетілмесе, және жоғары оқу орындарының кешенді тестілеуінде талап етілген жоғарғы көрсеткішке 1-3 балл жетпеген оқу.

3. Атаулы әлеуметтік көмек көрсететін аудандық комиссия құрылсын және оның құрамы бекітілсін (2 қосымша).

4. Комиссияның дербес құрамы аудандық мәслихатының бекітуіне енгізілсін.

5. Атаулы әлеуметтік көмек көрсету және ол төлемдерді төлеу бойынша уәкілетті орган болып "Қостанай ауданының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі белгіленсін.

6. Аудандық комиссия (М. Демесенов), "Қостанай ауданының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М. Жүсіпов), "Қостанай облысының қаржы Департаментінің Қостанай аудандық қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Г. Климбей, келісім бойынша) әлеуметтік көмектердің уақытында тағайындалып төленуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

7. Қостанай ауданы әкімиятының 2002 жылғы 26 наурыздағы № 129 "Атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы" (тіркеу нөмірі 1408, аудандық "Көзқарас-Взгляд" газетінде 2002 жылғы 17 мамырда № 20(95) жарияланған), 2003 жылғы 26 тамыздағы № 344 "Қостанай ауданы әкімиятының 2002 жылғы 26 наурыздағы № 129 "Атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы (тіркеу нөмірі 2472, аудандық "Көзқарас-Взгляд" газетінде 2003 жылғы 17 қазанда № 44(169) жарияланған) қаулылары күшін ж о й д ы д е п с а н а л с ы н .

8. Қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары М.А. Демесеновке жүктелсін.

Аудан әкімі

Қазақстан Республикасы

Қостанай облысы

Қостанай ауданы әкімиятының

2004 жылғы 11 наурыздағы

№ 140 қаулысына 1 қосымша

**Жеке санатты азаматтарға атаулы
әлеуметтік төлемдер төлеу және тағайындау
ЕРЕЖЕСІ**

Бұл ереже "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабының 14 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" Заңының 12 бабының 1 тармағы бойынша әзірленді, халықтың тұрмыстары төмен топтарын әлеуметтік жағынан қорғау мақсатында, 258-015-000 "Жеке санатты азаматтарға жергілікті өкілетті органдардың шешімімен әлеуметтік төлемдер" бағдарламасы бойынша тұрмысы төмен азаматтарға әлеуметтік көмек төлемдерін көрсету тәртібін белгілейді.

1. Жалпы қағидалары

1. Бұл ережелер әлеуметтік қолдауды керек ететін жеке азаматтар мен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудың ережелерін реттейді.

2. Атаулы әлеуметтік көмекті көрсетудің тағайындау үшін, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде аудандық комиссия, атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, білім және әлеуметтік қорғау органдарының, қорғау қызметкерлерімен басқа мемлекеттік органдардың өкілдерінен құрылады.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ болуы керек.

Комиссия жұмысын төраға басқарады, ол комиссия жүргізетін жұмысына жауапты.

3. Атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша аудандық комиссия:

1) азаматтардың әлеуметтік көмек пен тұрғын үйлік көмектер жөніндегі арыздарын қарайды;

2) көмек сұраушы отбасыларының әлеуметтік тұрмыстық жағдайын және қамсыздандыру деңгейін тексереді;

3) дау-дамай шағымдардың нақты-қарасын шешеді.

4. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының Заңнамасын, аудандық және облыстық әкімияттың қаулыларын, аудандық және облыстық мәслихаттар сессияларының шешімін, аудан және облыс әкімдерінің әлеуметтік, тұрғын үйлік көмектерді тағайындау және төлеу бойынша шешімдерін және осы Ережелерді басшылыққа алады.

Комиссия өз жұмысын қоғамдық тұрғыда жүзеге асырады.

5. Аудандық комиссия арызданушының келісімімен тиісті органдардан

мәліметтер алу үшін сұраныстар жасауға құқылы, қажетті атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін арызданушының нақты тұрмыстық материалдық жағдайын зерттеу үшін, оның мекен жайына барып тексерістер жасай алады.

6. Өтінушінің материалдық жағдайына зерттеу жүргізу әкімінің талабымен немесе комиссияның шешімімен өткізіледі.

Тексеріс барысында учаскелік комиссиялар атаулы көмек сұрауға өтінушінің душар еткен жағдайды анықтайды. Бұл жөнінде отбасы құрамына ондағы еңбекке жарамды жастағы тұлғалардың барлығына, кәмелетке жетпеген балаларға және қарауға жататын тұлғаларға, отбасындағы жұмысты және жұмыссыздарға отбасының нақты табыс деңгейі ескеріледі.

7. Әлеуметтік көмек алуға өтінуші мен оның отбасының материалдық жағдайын тексеру өтінушінің немесе оның кәмелетке толған отбасы мүшесінің алдында жүргізіледі.

Егерде өтінуші зерттеу жұмысын жүргізуге қарсылық білдіріп онан бас тартса онда ол жөнінде қорытынды жасалып ол комиссияның қарауына, немесе уәкілетті органға ия болмаса әкімге жіберіледі.

Комиссия мүшелері өтінуші олардың тұрмысындағы өзіндік құпиялығы бар мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

8. Комиссия отырысы он күн ішінде бір рет өткізіледі оның шешімі жалпы мүшелерінің отырысқа 2/3 қатысса ғана есептеледі.

9. Атаулы әлеуметтік көмек жергілікті деңгейде келесі өтініш түрінде беріледі:

1) жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органдардың есебінде тұрмаған зейнет қорда ақшалары жоқ жұмыссыз азаматтарды жерлеуге айырықша жағдайларда әлеуметтік көмек;

2) тұрғын үйлік көмекке;

3) шұғыл әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларына және жеке санаттағы азаматтарға Халықаралық әйелдер күні, Жеңіс күні, қарттар, мүгедектер, Тәуелсіздік күндеріне және басқа мерекелік мерей той күндеріне бір жолғы әлеуметтік көмектер;

4) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оның мүгедектерінің тұрмыстық қажеттеріне әлеуметтік көмектер;

5) айырықша жағдайларда репатрианттарға (оралмандарға) бір жолғы әлеуметтік көмек көрсетуге аудандық комиссиямен анықталған мөлшерде Затобол поселкісінің және тиісті округ, село әкімінің қолдаухаты бойынша пәтер алғанға дейін уақытша тұрғын үйге шығын сомасын дәлелдейтін құжаттарды ұсынғанда, оларға тұрақты пәтер алғанға дейінгі коммуналдық қызметтерге кеткен төлемдерді өтеуге;

6) аудандық соғыс және еңбек ардагерлерінің Кеңесіне әлеуметтік көмек

аудандық Кеңесінің қолдау хаты негізінде Ұлы Отан соғысының құрбандары мен мүгедектері және оған қатысушыларға жөн-жоралық салт дәстүрлер көрсетуге тоқсанда бір рет 10 мың теңгеден аспайтын сомада;

7) айырықша жағдайларда тұрмыстары төмен азаматтарды құжаттауға әлеуметтік көмек;

8) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан және материалдық көмек сұраған уақытында тұратын орнына қарамай ауданның мекемелерінен немесе кәсіпорындарынан зейнетке шыққан азаматтарға бір жолғы әлеуметтік көмектер;

9) жеке санатты азаматтарға үлкен қоғамдық және саяси маңызы коммерциялық емес сипаттағы өзіндік әлеуметтік бағдарламаларын іске асыру үшін әлеуметтік көмек;

10) Қостанай ауыл шаруашылық колледжінде 2003 жылғы 21 қазандағы № 396 Қостанай ауданы әкімиятының қаулысымен белгіленген шарт бойынша "Қостанай ауыл шаруашылық колледжінің бір жылдық оқу тобындағы оқушыларды оқытуды қаржыландыру туралы" мемлекеттік нормативті құқықтық актілер тіркелімінде 2003 жылы 7 қарашада № 2547 болып оқу орнының оқыту үшін төлемақы мөлшері жөніндегі анықтамаға сәйкес тіркелген;

11) жетім балалар мен дарынды балаларға және ата-ана қамқорынсыз қалғандарға, тұрмысы төмен отбасы балаларына, жасынан мүгедек болғандарға егерде дәрігерлік әлеуметтік сараптау комиссиясының қорытындысына сәйкес оларға оқу орындарында қарсылық көрсетілмесе және жоғары оқу орындардың кешенді тестілеуінде талап етілген жоғары көрсеткішке 1-3 балл жетпеген жағдайларда әлеуметтік көмектер.

10. Әлеуметтік көмектің көрсетілген түрлері (тұрғын үйліктен басқа) ақшалай немесе заттай түрде беріледі.

Комиссия отбасының нақты мұқтажына (киім-кешек, дәрі, отын және басқалары) мақсатты әлеуметтік көмек тағайындай алады.

11. Атаулы әлеуметтік көмектің барлық түрлерін көрсетуде жұмыс істеушіні жерлеуге берілетін әлеуметтік көмектен басқа кейбір ерекше жағдайларда халықтың жұмыспен қамтылуы мәселесі бойынша уәкілетті органдардың есебінде жоқ жұмыссыз зейнеткерлік қорда қаражаты жоқ азаматтарға атаулы әлеуметтік көмектің негізіне отбасының орташа жанына шаққандағы кірісі, кедейшілік деңгей шегінен артпаған мөлшері алынады.

Жанұяның жалпы біріккен кірісі "Жалпы біріккен кірісі атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткерлер ережесіне" сәйкес есептелінеді еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2002 жылғы 10 қаңтардағы № 3-п бұйрығымен бекітілген.

12. Атаулы әлеуметтік көмектерді есептеудің тәртібі:

1) әлеуметтік көмек тағайындау туралы арызды оны алуға құқылы азамат береді, кейбір жеке жағдайларда соғыс, еңбек ардагерлер аудандық кеңесінің және аудандық мүгедек қоғамының өтініші бойынша оған сәйкес тиісті қосымша құжаттар мен әлеуметтік көмектің түріне байланысты аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары бере алады;

2) тиісті құжаттар түскен күннен кейін әлеуметтік көмек тағайындау үшін оларды қарау он күн ішінде жүзеге асырылады;

3) әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тартуы жөнінде комиссия өтінушіге жазбаша түрде хабарлауға міндетті;

4) өтінуші арызы мен құжаттарында көрсетілген мәліметтер бойынша заңнамаға сәйкес берілген мәліметтердің растығына толығымен жауапты;

5) комиссияның шешіміне өтінуші сот арқылы шағымданады.

2. Айырықша жағдайларда зейнеткер қорының шотында қаражаты жоқ, халықты жұмыспен қамту мәселесі бойынша уәкілетті органдардың есебінде жоқ қайтыс болған жұмыссыз азаматтарды жерлеуге әлеуметтік көмек

13. Кейбір айырықша жағдайларда зейнеткер қорының шотында қаражаты жоқ халық жұмыстылығы мәселесі бойынша уәкілетті органдардың есебінде жоқ қайтыс болған жұмыссыз азаматтарды жерлеуге әлеуметтік көмек отбасы кірісіне қ а р а м а с т а н т ө л е н е д і .

14. Қайтыс болғанды жерлеуге әлеуметтік көмек оның отбасы мүшелеріне немесе жерлеуді нақты атқарушы азаматқа төленеді.

15. Жерлеуге әлеуметтік көмекті алуға өтініш жасау құқығы қайтыс болғаннан кейін 6 ай бойы сақталады.

16. Қайтыс болған азаматтарды жерлеуге әлеуметтік көмек алу құқығын дә л е л д е й т і н құ ж а т т а р :

1) әлеуметтік көмекті тағайындауға арыз;

2) қайтыс болғаны туралы анықтама;

3) қайтыс болғаны туралы куәлік (көшірме);

4) еңбек қатынастарын бекітетін құжаттар (еңбек кітапшасы, өтінушінің жұмыссыздығын бекітетін округ әкімі аппаратының анықтамасы) жерлеуді нақты атқаратын тұлғаны бекітетін округ әкімі аппаратының анықтамасы;

5) өтінушінің жұмыстығын немесе жұмыссыздығын бекітетін жұмыспен қамту бойынша уәкілетті органның анықтамасы;

6) зейнеткер қордың шотында бар немесе жоқ қаражаты туралы бекітетін зейнеткер қордың анықтамасы.

3. Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен соғыс мүгедектерінің тұрмыстық қажеттеріне әлеуметтік көмек

17. Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне әлеуметтік көмек
өтініш түрінде сипатталады.

18. Әлеуметтік көмекті төлеу, оны алушының қайтыс болған күнінен бастап
тоқтатылады.

19. Әлеуметтік көмек тағайындау құқығын куәландыратын құжаттар:
1) арыз;

2) Ұлы Отан соғысының ардагері немесе мүгедегі куәлігі (көшірме);

3) жеке куәлігі, СТН.

4. Бір жолғы әлеуметтік көмек

20. Біржолғы әлеуметтік көмек алу құқылы тұрмысы төмен отбасылары мен орташа жанға шаққандағы азаматтардың кірісі кедейшілік шегінен төмен болса немесе кейбір ерекше жағдайларға байланысты жедел әлеуметтік қолдауды керек ететіндерге немесе жеке санаттағы азаматтарға халықаралық әйелдер күнін, Жеңіс, қарттар, мүгедектер, тәуелсіздік күндері мерекелерін тойлауға және басқа мерекелік немесе мерей тойлық шаралар өткізуге бағытталады.

21. Бір жолғы әлеуметтік көмек алуға ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан және бір жолғы материалдық көмек алу сол уақытта тұратын елді мекеніне қарамай ауданның мекемелерінен және кәсіпорындарынан зейнетке шыққан азаматтар құқылы.

22. Бір жолғы әлеуметтік көмек мөлшері атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі аудандық комиссиясымен, айырықша, шұғыл жағдайларда аудан әкімімен азаматтық арызы және селолық округ, село, Затобол поселкісінің жанындағы учаскелік комиссияның материалдық-тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі бойынша, ауырғанда емдеу мекемелердің анықтамасы, қолдау хаты, басқа жағдайларда селолық округ, село, Затобол поселкісінің әкімдерінің, соғыс және еңбек ардагерлер аудандық Кеңесінің, аудандық мүгедектер қоғамы Кеңесінің қолдау хаты бойынша анықталады.

23. Келесі санаттағы азаматтар кестесі әлеуметтік қолдауға құқылы мерекелік және мерей тойлық даталарда:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;

2) Социалистік еңбек ерлері, үшінші дәрежедегі даңқ ордендерінің иегерлері;

3) "Алтын Қыран", "Отан", "Даңқ", "Халық қаһарманы" ордендерімен марапатталғандар;

4) Совет Армиясының мүгедектері;

5) чернобыл, ауған мүгедектері;

6) "За оборону Ленинграда" медалімен, "Блокададағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталғандар;

7) Чернобыл АЭС апатының салдарын жоюға қатысушылар 1986-1987 жж.,
1988 - 1989 жж.;

- 8) басқа мемлекеттер аумағында соғыс қимылдарына қатысқандар;
- 9) кәмелетке жетпеген концлагер тұтқынындағылар;
- 10) Ауған соғысы мен Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскерге жалданған қ ұ р а м д а р ;
- 11) Ұлы Отан соғысында қайтыс болғандардың жесірлері, басқа некеге о т ы р м а ғ а н ;
- 12) қаза тапқан жауынгерлер жанұясы;
- 13) қайтыс болған Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің қайтыс болған Отан соғысына қатысушылардың әйелдері;
- 14) еңбектік тылға қатысушылар;
- 15) көп балалы аналар "Алтын алқа", "Күміс алқа", "Ер ана", I-II дәрежедегі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған;
- 16) төрт және онан да көп бірге тұратын балалары бар көп балалы аналар;
- 17) ақталған азаматтар;
- 18) республикалық деңгейдегі дербес зейнеткерлер;
- 19) еңбек ардагерлері;
- 20) I, II, III топтағы мүгедектер;
- 21) 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар;
- 22) жалғыз басты зейнеткерлер.

5. Репатрианттарға (оралмандарға) бір жолғы әлеуметтік көмек

24. Ерекше жағдайларда репатрианттарға (оралмандарға) бір жолғы әлеуметтік көмек көрсету және төлеу уақытша тұруына төлейтін шығыстарын қайтаруға және оларға пәтер алу мерзімінде уақытша тұруға берілген тұрғын үйдің коммуналдық қызметтеріне, отбасыларға келгеннің өз арызы және тұлғаны, репатриант (оралман) мәртебесін, отбасы құрамын, туыстық қатынастарын растайтын құжаттары, тұрған үшін және коммуналдық қызметке шыққан сомасын растайтын құжаттар және тиісті селолық округ, село, Затобол поселкесінің әкімінің сенімхаты негізінде.

25. Репатрианттарға (оралмандарға) бір жолғы әлеуметтік көмектер тағайындауға келесі құжаттар қажет:

- 1) әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі арыз;
- 2) тұрған мекен жайынан отбасы құрамы туралы анықтама;
- 3) шығын сомасын растайтын құжаттар;
- 4) репатриант (оралмандығы) мәртебесін куәландыратын құжат;
- 5) селолық округ, село, Затобол поселкесі әкімінің сенімхаты;
- 6) жеке куәлігі, әлеуметтік жеке коды.

6. Жоғары оқу орындары мен Қостанай ауыл шаруашылық колледжінің бюджеттік бір жылдық тобында

оқитын жетім балалар мен дарынды балаларға және тұрмысы төмен отбасы балаларына әлеуметтік көмек

26. Қостанай ауыл шаруашылық колледжінің бір жылдық тобында оқитындарға 2003 жылғы 7 қарашада № 2576 болып мемлекеттік нормативті құқықтық актілердің тізбесімен тіркелген "Қостанай ауыл шаруашылық колледжінің бір жылдық оқу тобында оқитын оқушыларды қаржыландыру туралы" Қостанай ауданы әкімиятының 2003 жылғы 21 қазандағы № 396 қаулысына сәйкес Қостанай ауыл шаруашылық колледжінде бір жылдық топта оқитын балаларға әлеуметтік көмек көрсету аудандық комиссиясының шешімімен тағайындалады.

Әлеуметтік көмек оқу орнының бір жылдық оқуға төлем ақы көлемі жөніндегі анықтама туралы студенттің есеп шотына арызына сәйкес салымшының жүктеуі бойынша (187 үлгі) Қостанай ауыл шаруашылық колледжінің есеп шотына аударылады.

27. Бір жолғы әлеуметтік көмек Қостанай ауданның жоғарғы орындарында оқитын дарынды балаларын қолдаудың бір түрі болып саналады, ол көмек үстіміздегі жылы орта мектепті үздік оқып, кешенді тестілеуде қажетті жоғары баллға 1-3 балы жетпегендерге бірінші оқу жылына беріледі.

Комиссия төрағаның атына жазылған арыздары бойынша әлеуметтік көмек конкурстық негізінде атаулы әлеуметтік көмек көрсететін аудандық комиссияның шешімімен, арызда оқу орнының аты, факультеті және мамандығы төлемақы сомасы көрсетіледі. Студенттің арызына байланысты салымшының талабы бойынша (187 үлгі бойынша) оқу орнының есеп шотына аударылады.

Әлеуметтік көмек жетім және дарынды балаларға, әке-шешелерінің қамқорынсыз қалған және төменгі деңгейде қамтылған отбасыларына, бала жасынан мүгедектерге егерде оларға дәрігерлік әлеуметтік сараптау комиссиясының ұйғарымы бойынша тиісті жоғары оқу орындарында оқуға қарсылықтары болмаса.

Арыздар аудандық газетіне хабарлама шыққан күннен екі жетінің ішінде қабылданады. Комиссияның отырысы құжаттар қабылдану біткеннен кейін үш күн мерзімнің ішінде өткізіледі, конкурстың нәтижесі қатысушыларға жеткізіледі.

Егерде студенттер өздері жөнінде шындыққа жанаспайтын мәліметтер бергені үшін заңмен қарастырылған тәртіп бойынша комиссия төленген қаражат сомасын өндіріп алуға құқылы.

28. Жоғары оқу орындарында оқитындарға әлеуметтік көмек тағайындауға келесі құжаттар керек: арызы, орта білімі жөнінде құжаты, тестілеудің нәтижесі, мақтау қағаздары, дипломдар, қорғаншы немесе қамқоршы ретіндегі қаулы, мүгедектерге дәрігерлердің ұйғарымы, олардың тиісті оқу орындарында

қарсылықтардың жоқтығы туралы еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органның анықтамасы және селолық округ, село, Затобол поселкесі әкімінің аз қамтылған отбасы статусын растайтын анықтамалар және тұрғын мекен жайынан анықтама, оқу орнынан оқыту төлемдерінің мөлшері туралы анықтамалар, жеке басының куәлігі, әлеуметтік жеке кодының көшірмесі.

7. Ұлы Отан соғысының қайтыс болған ардагерлері мен қатысушыларына салтты гүлдер алуға ардагерлер Кеңесіне әлеуметтік көмек

29. Аудандық ардагерлер Кеңесіне әлеуметтік көмек тоқсанда бір реттен аспайтын 10 мың теңге сомасында аудандық соғыс және еңбек ардагерлер кеңесінің қолдаухаты негізінде Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедектері мен қатысушыларға салтты гүлдер алуға бөлінеді.

8. Айырықша жағдайларда тұрмыстары төмен азаматтарды құжаттандыруға әлеуметтік көмек

30. Тұрмыстары төмен азаматтарды құжаттандыруға әлеуметтік көмек айырықша жағдайларда егер отбасында табыс болмаса ғана өтінушіге беріледі.

Әлеуметтік көмек азаматтың арызы, округ, село, Затобол поселкісі әкімінің сенімхаты, құжаттануының шығыс соманы растайтын анықтама немесе басқа құжаттар бойынша төленеді.

9. Қорытынды ережелер

31. Заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша өтінушілерге атаулы әлеуметтік көмек төлеу мен тағайындаудың дұрыстығына комиссия жауап береді.

32. Алдынала әлеуметтік көмек алуға және оның мөлшері жөнінде шындыққа жанаспайтын өзгерістер туралы мәліметтер бергені үшін азаматтар әлеуметтік көмектер алу құқынан мерзімі үш айға дейін айырылады.

33. Белсенді түрде жұмыс іздемей ия болмаса уақытша берілген ақылы қоғамдық жұмыстан бас тартқаны үшін жұмыссыздардың әлеуметтік көмек алу құқылары жоюылады.

34. Әлеуметтік көмекті төлеу мекен жайындағы халықтық банкінің филиалы және "Қазпошта" бөлімшесі арқылы жүзеге асырылады, әлеуметтік көмек алуға негіз біткеннен кейін ия болмаса қайтыс болғаннан кейін алушының құқығы жоюылады.

35. Әлеуметтік көмек көрсетуге бөлінетін қаржыны пайдалануға бақылауды уәкілетті қаржы органы жүзеге асырады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

Қ о с т а н а й а у д а н ы ә к і м и я т ы н ы ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 1 н а у р ы з д а ғ ы

№ 140 қаулысына 2 қосымша

Атаулы әлеуметтік көмектер көрсету бойынша аудандық комиссияның құрамы

Демесенов Мереке Андреевич	- Қостанай ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы
Жүсіпов Мұқаш Ыбырайұлы	- Қостанай ауданының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы мемлекеттік мекемесінің басшысы, комиссия төрағасының орынбасары
Воронина Ольга Федоровна	- Қостанай ауданының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы мемлекеттік мекемесінің қаржы-шаруашылығы бөлімінің басшысы, комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Ильминская Вера Яковлевна	- Қостанай ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің басшысы
Климовская Любовь Терентьевна	- Қостанай ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы
Невмержицкая Людмила Леонидовна	- Қостанай облысының қаржы Департаментінің Қостанай аудандық қаржы басқармасы мемлекеттік мекемесінің бас маманы (келісім бойынша)
Л и м Варвара Николаевна	- Қостанай ауданының салық төлеушілермен жұмыс жасау бөлімінің басшысы
Мураева Надежда Александровна	- аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)
Қондыбаева Гүлнар Оралқызы	- Қостанай ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің жетекші маманы